

**Кеше облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс XVIII сессиясы өтті. Сессияны облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов жүргізді.**

**ЖЕТИ ҮМІТКЕР ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ АТАҒЫНА ҰСЫНЫЛДЫ**



Жиынға облыстық мәслихат депутаттары, басқарма басшылары қатысты.

Сессияда «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағын беру, Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалалар және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту, облыстық сайлау комиссиясы мен Қызылорда облысының әкімдігі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның дербес құрамына өзгерістер енгізу сынды 4 мәселе қаралды.

Әр мәселе бойынша жауапты сала басшылары баяндама жасады. Жиында аппарат басшысының міндетін атқарушы Ерлан Қарабалаев депутаттарға «Құрметті азамат» атағына лайық деп ұсынылған азаматтардың еңбегі мен өмірге жасаған жетістіктерін тізбелеп берді. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовтың 7 кандидаттың әрбірі тәуелсіз Қазақстанның даму жылнамасында өзіндік із қалдырып, мемлекет мүддесіне қызмет етудің абыройлы жол екенін дәлелдеп, қоғам құрметіне ие болған тұлғалар екенін айтып, депутаттарды қолдауға шақырды.

– Биыл үміткерлердің саны көп көрінуі мүмкін. Бұл атаққа кезінде осындай көлемде бірнеше рет ұсыныс жасалып, берілген болатын. Құрметті атаққа лайықты қайраткерлеріміз жеткілікті. Осы уақытқа дейін жинаған абыройларының жемісін көргені жақсы дәстүр деп санаймыз. Бұл марапаттарды атаулы күндерде яғни педагогтердің Тамыз мәслихаты, Конституция күнінде, «Алтын Күз» және «Рәміздер күнінің 30 жылдығы» мерекелік даталарда салтанатты түрде табыстайтын боламыз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Ұсынылған кандидаттар арасында саналы ғұмырын білім саласына арнаған қос ардагер Төлепберген Қасымов пен Марк Подольский, ауылшаруашылығы саласының дамуына сүбелі үлес қосып, ел игілігі жолында қызмет еткен Жарықжасын Шәріпов, белгілі сәулетші, ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жанарбек Мәлібеков пен Түркі әлеміне ортақ жауһар туындылардың әлемнің танылуына және кейінгі ұрпаққа насихаттауда айрықша қолтаңбасы бар профессор Азамбек Алматов бар.

Сонымен қатар А.Сызғанов атындағы ұлттық хирургия орталығының директоры, ғалым Болатбек Баймаханов және туған жерді түлетуге зор үлес қосқан кәсіпкер Имамзада Шағыртаев ұсынылды.

Депутаттар барлық кандидаттарды лайық деп танып, қолдау дауыс берді.

«Ақмешіт - ақпарат»



**Ақмешіт**

20 тамыз сенбі

№66 (1870)

2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

**апталығы**

**■ ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ**

**ЕЛМЕН БІРГЕ БОЛҒАННЫҢ КӨСЕГЕСІ КӨГЕРЕР**



**Қала әкімі Асылбек Шәменов тұрғындармен кездесіп, талап-тілегін тыңдады. Дүйсенбіде Белкөл мен Тасбөгет кентінен басталған кездесу қалаға қарасты ауылдарда жалғасты. Тұрғындар жол, су, жарық сынды басқа да мәселелерді көтерді.**

2 БЕТТЕ

**■ КӘСІБИ МЕРЕКЕ**



**ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ҚЫРАНДАР**

Ел шебін күзету – жігіт біткеннің арманы. Бірақ мұндай бақ барлық азаматтың басына бірдей қона бермейді. Қазақтың сайын даласы ұшқан құстың қанаты, шапқан тұлпардың тұяғы талатын Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан ғайыр атырапты алып жатыр. Үш жүздің басын құраған, Алаш баласының арманын бір арнаға тоғыстырған атақты Абылай хан хақында түсірілген «Қошпенділер» фильміне біздің территориямызды былайша бейнелейді. «Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан ғайыр алқап – көшпенді қазақ жұртының бағзыдан бері ірге тепкен Ата қонысы. Ұлан ғайыр атырап, Ертіс пен Еділдің, Арқа мен Алатаудың арасы – қазақтың алтын бесік ата жұрты». Міне, осы киелі атажұртымыздың, қастерлі атамекеніміздің шебін қорғау бақыты шекарашыларға бұйырған.


18 тамыз – шекарашылар күніне орай Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. Шекара қызметінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған шараға облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов, ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаментінің бастығы, полковник Айдар Айымбетов, әскерилер мен қала тұрғындары және БАҚ өкілдері қатысты. Салтанат басталғанда әскерилердің құрметті сабымен мемлекеттік ту өкелініп, еліміздің әнұраны шырқалды.

Шекарашылардың кәсіби мерекесінде облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов пен ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаментінің бастығы, полковник Айдар Айымбетов құттықтау сөз сөйлеп, жылы лебіз білдірді. Салнатат соны қала өнерпаздары дайындаған мерекелік концерттік бағдарламаға ұласты. Шара барысында шекара қызметінің 30 жылдығына орай әскерилер мен бірқатар азаматқа кезектен тыс әскери шен мен арнайы төсебелгі, сондай-ақ алғыс хаттар берілді.

А.БЕК

**COVID-19: МАМАНДАР БЕТТЕРДЕ ТАҒУДЫ ҰСЫНДЫ**

**Аймақта коронавирус инфекциясын жұқтыру дерегімен соңғы тәулікте 22 жағдай тіркелді. Оның 11-і сиптомды белгісімен анықталған.**



Вирус жұқтырушылардың көбі қала тұрғындары болып отыр. 22 жағдайдың 13-і қаланың үлесінде болса, 2 жағдай Қармақшы ауданында, 4-еуі Шиелі, 3-еуі Жанакорғанда анықталған.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметінің мәліметінше, жыл басынан бері коронавирус инфекциясымен 6257 науқас ауырған. Ал тамыз айындағы есеп бойынша 551 дерек тіркелген. Оның 30 процентін 14 жасқа дейінгі балалар құрап отыр.

Осы ретте мамандар тұрғындарға көпшілік орынға жиі бармауды, беттерде режимін ұстауды ұсынады. Сондай-ақ ұжымдық иммунитет қалыптастыруда екіп салдырудың маңызды ұмытпаған жөн. Қазіргі таңда 12-17 жас аралығындағы 75192 жасөспірім Пфайзер препаратымен вирусқа қарсы екіп салдырған. Ал вакцинацияның I-II компонентін 500 мыңнан аса тұрғын салдырса, 247258 адам ревакцинациядан өткен.

«Ақмешіт-ақпарат»

**ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУДЫҢ ӨЗ ТӘРТІБІ БАР**



Қазіргі таңда көпбалалы отбасыларға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау көп. Соның бірі – атаулы әлеуметтік көмек. Оның да өз талаптары ескеріліп отырады. Аймағымызда 31 847 көпбалалы отбасына ай сайын атаулы әлеуметтік көмек беріліп отыр. Жәрдемақының бұл түрін алушыларға да мемлекет тарапынан бірқатар жеңілдік тараптырылған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Мейрамбек Абдукаримов баяндады.

– 2022 жылдың 3-тоқсанына Қызылорда облысы бойынша есептелген кедейлік шегінің мөлшері 27339 теңгені құрады. Мемлекет көмекке мұқтаж адамдарға, әсіресе балалар мен көпбалалы отбасыларға көмектеседі. Еңбекке кабі-

летті азаматтар жұмыс істеуі керек. Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасындағы 1 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға кепілді әлеуметтік топтамалар ұсынылады. Атап айтқанда, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар азық-түлік жиынтығымен және гигиена заттарымен

камтамасыз етіледі. Ал 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мектептегі ыстық тамақпен, оқу құралдары мен мектеп формаларымен камтамасыз етілуде. Сонымен қатар мектепке барып қайту жол шығындары өтеледі. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге 2022 жылға

бюджеттен 5,1 млрд теңге қаржы қаралған. 2022 жылдың 7 айында облыс бойынша 10 656 отбасына 2,9 млрд теңгеге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып төленді, – деді Мейрамбек Жаксылықұлы. Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, аз қамтылған отбасыларындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды кепілдендірілген әлеуметтік топтамамен камтамасыз етуге республикалық бюджеттен 1,2 млрд теңге қаржы бөлінген. 1 тамыздағы жағдай бойынша 13188 бала азық-түлік және гигиеналық топтамамен камтамасыз етілген. Орта білім беру ұйымдарында білім алатын 6 539 балаға қоғамдық көлікте тегін жүруін камтамасыз ету үшін тиісті қаражат төленген.

Т.ЖӨКЕБАЙ

ЕЛІМЕН БІРГЕ БОЛҒАНЫҢ КӨСЕГЕСІ КӨГЕРЕР

ҚЫЗЫЛЖАРМА: Су мәселесі шешілген күн

Осы орайда қала әкімі Асылбек Шәменов Қызылжарма ауылдық округінің халқымен кездесіп, ауылдағы атқарылған жұмыстармен танысты. Сондай-ақ тұрғындардың түйткілі мәселесін тыңдады.

Қала іргесіндегі Қызылжарма ауылында аяқ су ең өзекті мәселенің бірі еді. Бүгін міне, округке бір емес үш дренажды су ұңғымасы орнатылып, пайдалануға берілді. Олар ауылдағы Ұстабаев, Н.Линов, №63 көшелерге орнатылды.

Қызылжармалықтар ең алдымен ауыл жолдарының қашан жөнделетінін сұрады. Жасыратын несі бар, жанбыр жауған күндері батпақтан қанша бала мектепке жете алмай, үстері бүлініп, үйіне жылап бара жатқанын көзіміз көріп жүр. Бұл – ауылдағы өзекті мәселенің бірі.

Сондай-ақ халық жана мектеп салу керектігін де жыл сайын айтудан жалыққан емес. Себебі ауылдағы бір мектепте бала саны белгіленген нормадан екі есе артық. Бұл жерде әңгіме сыйымдылыққа байланысты.

Сонымен қатар мұндағы жатақхана тұрғындары көпқабатты үйдің қазіргі жүйесінің күрмеулі мәселесін көтерді. Қала басшысы бұл мәселені хабарлар екенін айтып, жан-жақты зерттеу жүргізіп, алдағы уақытта осыған байланысты жұмыс істейтінін жеткізді.

Ауыл тұрғындары қоғамдық көлік мәселесін де сөз етті. – Қазіргі кезде бұл жағдай облыс әкімі Н.Нәлібаевтың жіті қадағалауында. Ең күрделі мәселенің бірі. Көліктің жетіспеушілігі барын мойындау керек. Сондай-ақ «Автобус паркі» мекемесінің жұмысын да күшейту қажет. Бүгінде 150 заманауи автобуска тиісті қаражат бөлінді. Алдағы оқу жылына дейін 20-30-ын әкеліп, іске

қосамыз. Ал қазан айына дейін жаңа автобустарды толық жеткіземіз. Содан кейін бұл мәселе толық шешіледі деген үміттеміз. Бізге келетін көліктер қытайлық емес, заманауи Қазақстанның өзінің жинап жатқан автобустары. Онда барлық жағдай қарастырылған. Ең бастысы, мүмкіндігі шектеулі жандарға да қолайлы. Алған соң, дұрысын, сапалысын алғанды жөн көрдік, – деді қала әкімі.

Айта берсең мәселенің шегі бітпес. Десе де жақсы жаналық та аз емес. Мәселен, «Балалар жылына» орай Досхожин көшесінде балалар ойын алаңы салынып жатыр. Бүгінде «Сапа» ОК мердігер мекемесінің директоры Бекболат Есанов өз қаражаты есебінен құны 17,5 млн теңгеге құрайтын құрылысты бастап кетті. Сонымен қатар қасына қосымша спорттық «Воркаут» алаңы салынады. Осылайша жеке кәсіпкер қыркүйек

айының басында көптен күткен Қызылжарманың кішкентай бұдліріндеріне тосын сыйын тарту етпек.

Бүгінде Қарауылтөбе ауылдық округіне баратын жолдың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Мұны да қала әкімі көзбен көріп, жұмыс барысымен танысты. Қазіргі кезде орташа жол жөндеу, асфальт төсеу жұмыстарымен «Қызылорда жолдары» ЖШС мердігер мекемесі айналысуда. Құрылысқа 87 млн теңге қаражат бөлінді. Бұл жұмыстар қазан айында бітіп, ел игілігіне толық пайдалануға берілетін. Сонымен қатар жыл соңына дейін 8 көшеге тас төселеді. Екі сағатқа созылған кездесуде ауыл тұрғындары базасын айтып, халықпен етене жақын араласқан қала әкіміне алғысын білдірді.

– Нарықтық заманда ел үшін еңбек етіп, халықтың қошеметіне бөлену үлкен ерлікпен пара-пар. Ел басқару екінің біріне бұйыра бермейтін бар. Сондықтан осы бақты ұстап тұру, халыққа адал қызмет ету әкімдерге үлкен сын. Әрбір ісінде береке тілейміз, – деді ауыл ақсақалы Қожахмет қажы.

ҚОСШЫҢЫРАУ: Түйінін тарқатар мәселе көп

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің тұрғындармен кезекті кездесуі Қосшыңырау ауылдық округінде өтті. Оған қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев қатысты.

Кездесуде Қосшыңырау ауылының байырғы тұрғыны, зейнеткер Кенесбай Ақбергенов ауыл тұрғындарының атынан округке көлігір отын қашан жеткізілетінін сұрады. Қазіргі таңда бұл

ауылдағы ең өзекті мәселе осы болып саналады. Қала әкімі газ тартудың жобасын сметалық құжаттары дайын екенін атап өтіп, жуық арада жұмыс басталатынын мәлім етті. Тұрғындардың билікке айтар базынасының бірі – Досан ауылындағы медициналық қызмет сапасын арттыру. Яғни онда ауыл тұрғындарына қажетті дәрігерлік амбулатория салынса деген ұсыныс.

– Елдің ұсынысы орынды. Мәселені жан-жақты зерделеп, тиімді шешім қабылдайтын боламыз, – деді қала әкімі.

Тағы бір өзекті мәселе – жол инфрақұрылымын дамыту. Ауыл тұрғындары әкімге жолдарға жөндеу жүргізу туралы өтініш білдірді. Әкім жұмыс басталғанын, аяқталуы күзге жоспарланғанын жеткізді. Есепті кездесуде шешімін күткен мәселелер

жайлы жан-жақты айтылды. Ауыл тұрғындары «барлығы жақсы» деп жаба тоқымай жандарына қажетті деп танығандарын бүкпесіз баяндады. Билікте тізгіні тартып, томаға тұйық үнісі қалмады. Тұрғындардың талабын тындап, шаруаны ширатып, шешім табуы тиіс істерді ілгерілететінін тілге тиек етті.

Ауыл тұрғындарының айтар мәселелері толастамады. Соның бірі – аяқ

су мәселесі. Тұрғындардың тіршілігі мал шаруашылығымен тығыз байланысты. Сондықтан оның жем-шөбі мен суы ойландыратын хәм ойланатын түйткіл. Тағы бір проблемалық мәселе – мектепті күрделі жөндеуден өткізу. Әкім қала көлеміндегі мектептерге жөндеу жұмыстары реттілігімен жасалып жатқанын жеткізді. Тұрғындардың сұрақтарын сарапал, аяқ су мәселесі де толыққанды қаралғанын, екі су тарту насосы орнатылатынын айтыты.

ҚАРАУЫЛТӨБЕ: Мәдениет үйі салынуда

Қарауылтөбе ауылындағы кездесу жанадан салынып жатқан клуб үйі алдында өтті. Қалаға жапсарлас орналасқан бұл елді мекенде екі жарым мыңдай халық тұрады. Халықтың басым бөлігі егін және мал шаруашылығымен айналысады. «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында көшелерге жарық бағаналары орнатылды. Ауылдың басты жанылығы «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында 150 орындық клуб салынуда. Оған республикалық бюджеттен 286,4 млн теңге қарастырылып, «Өмірзақ» ЖШС мердігер

мекемесі құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Жыл соңына қарай толығымен аяқталып, заманауи талапқа сай жана мәдениет үйі халық қажетіне ұсынылмақ.

– Халқымызда қанағат ету деген жақсы сөз бар. Ауыл ажары жыл өткен сайын жанарып, жасарып келе жатыр. Оны айту керек. Инфрақұрылым игілігін де көріп келеміз. Көптеген ауылдарын салыстырсам даму динамикасы көңіл құсын көкке шарлатады. «Ел болғасын жақсылық, жамандық бар, ескірген кезі бар жананың да» деп бекер айтылмаған. Елдің ендігі ұсынысы ауылда

әлеуметтік дүкен салынса деген ой. Тұрмыстық қолданасына қажетті өнімдерді арзандатылған бағада сатып алар едік. Жеке саудагерлер көтеріме бағамен сатады. Оны барлық тұрғынның бірдей қалтасы көтере бермейді. Осыны назарға алаңыз, – деді ауыл тұрғыны Оразбек Бейісов.

Қала әкімі ұсыныс орынды екенін жеткізіп, заңдылықтарына сәйкес жолдарын қарастырып, мүмкіндігінше жақын арада қолға алатынын айтыты.

Ауыл халқы медициналық пункт халықты қабылдауға қауқарсыз екенін айтыты, заманауи

талапқа сәйкес жаңа амбулатория салынса деген тілегінде білдірді.

– Тұрғындардың денсаулығы басты назарда болуы тиіс. Сондықтан қажетті шараларды қабылдап, заманағо сәйкес тұрғындардың тілектерін ескеріп, жергілікті халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге белсене атсалысу біздің басты борышымыз. Нақты шаралар әзірленетін болады, – деді қала әкімі.

Есеп беру жиынында тұрғындар ауылдағы бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешіп бергені үшін де қала әкіміне алғыстарын білдірді. Тұрғындар сонымен қатар қоғамдық көлік қатынасы мен балалар ойын алаңы салынса деген ұсыныстарын айтыты.

АҚЖАРМА: Дәрігерлік амбулатория қажет

Қала басшысы Асылбек Шәменов аптаның сейсенбі күні Ақжарма ауылдық округінде болып, тұрғындардың өтініш-тілегін тыңдады. Атықарылып жатқан жұмыстарды өзі барып көрді.

Қала әкімі алдымен ауылдағы кәсіпкерлікті дамытып, шаруасын дөңгелетіп отырған кәсіпкер Серік Жанайдаровтың шаруа қожалығымен танысты. 2018 жылы кәсіпкер Талдыарал елді мекенінен мал басын көбейту және бордақылау алаңын салу мақсатында көсібін бастаған. Ал 2021 жылы «Өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы кәсіпкерлерге берілетін шағын несиелендіру бағдарламасы аясында оның ішінде «жылқы, мүйізді ірі қара малын өсіру және көбейту, бордақылау» бағытындағы жобасы негізінде 5 млн теңге

қаржы алған. Бүгінгі таңда шаруашылық қала халқына ет және сүт өнімдерін ұсынып келеді. Қала басшысы кәсіпкердің жұмысына сәттілік тілеп, алдағы уақытта жұмыс жандануына тілектестігін жеткізді.

Кездесуде тұрғындар қала әкіміне дәрігерлік амбулатория салынса деген өтініштерін жеткізді.

– Баймұрат батыр ауылына дәрігерлік амбулатория салуға жобалау-сметалық құжатты дайындап, мемлекеттік сараптаманы оң қорытындысы алынған. Дәрігерлік амбулатория салу үшін облыстық бюджеттен 422 млн теңге қаржыға өтінім берілді. Алдағы уақытта жаңа нысанның игілігін ауыл тұрғындары көреді деп сенеміз, – деді қала әкімі.

Сонымен қатар жаңадан салынып жатқан үйлерге электр желілерін тарту мәселесі сөз болды. Интернет жылдамдығының баяу екені де айтылды. Шаһар басшысы көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен іске асуы үшін тиісті бөлім басшыларына тапсырма берді. Биыл Ақжарма ауылында бірқатар іс атқарылған. Мәселен, округ және Талдыарал елді мекені бойынша маусымдық аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджеттен 29,6 млн теңгеге ұңғыма орнату жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ Тоғай көшесіне түнгі жарық шамдарын орнату бойынша қалалық бюджеттен 2,5 млн теңге бөлініп, «Энергия Нұр» ЖШС түнгі жарық шамдарын орнатуды бастап кеткен.

ҚЫЗЫЛӨЗЕК: Бақшалы ауылға қосымша насос керек

Қызылөзек ауылдық округіндегі кездесуін қала әкімі Асылбек Шәменов №175 мектептің автономды қазандығының құрылысымен танысудан бастады. Бұған дейін көмірмен жылытылған мектеп биылдан бастап автономды бу қазандығы арқылы жылытылмақ. Жалпы құны 42,6 млн теңгеге құрайтын жобаның мердігері – «Компания Газ Строй» ЖШС. Құрылыстың жай-күйімен танысқан шаһар басшысы жауапты мамандарға қазандық құрылысын кешіктірмей және сапалы салуды тапсырды.

Мұнан соң қала әкімі ауылда картоп өсірумен айналысып жатқан ауыл тұрғындарымен кездесті. Бұл ауылдық округте жалпы көлемі 507 гектар егіс алқабы бар. Оның 180 гектарына бақша

өнімдері, 187 гектарға көкөніс, 140 гектарға картоп және 70 гектарына жоңғыша егілген. Мәселен, «ДСУ» учаскесіндегі 15 гектар жерге ауылдағы 30 отбасы картоптың «Гала» сорты мен көкніс еккен. СНП-500/10 насостық су қондырғысы арқылы су келетін бұл жерден алдағы уақытта гектарынан 200 центнер өнім алуға жоспарлап отыр. Қала басшысы еңбек етіп жатқан тұрғындарға алғыс айтып, өнім мол болсын деген тілегін жеткізді.

Ал ауылдық клуб арасында еркін форматта өткен кездесуде ауыл тұрғындары шаһар басшысы мен жауапты мамандарға өз сұрақтарын қойды. Мәселен, Бақтияр Айтжанов ауылды аяқ сумен қамтитын «Шегіртке» шабындығына су әкелуді сұрады. Себебі бұл мәселе шешілсе ауылда мал жайылымдық жері көбейер еді. Бұл сұраққа

«Қазсуар» ШЖК РМК Қызылордадағы филиалы «Қызылордасуар» мекемесінің басшысы Жорабек Нұрымбетов: «Левая ветка» каналының аяғын «Шегіртке» шабындығына дейінгі аралықты тазарту бойынша зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Алдағы уақытта республикалық, облыстық бюджеттен қаржы бөлу туралы бюджеттік өтінім беріледі», – деп жауап берді.

Ал Тұрсынқұл Ибраеваның СНП-500/10 насос қондырғысына тағы тиісті заңдылықтарға сәйкес өтінішіне қала әкімі тиісті заңдылықтарға сәйкес бюджеттік өтінім ұсынылғанын, келесі жылға сатып алу жоспарланып отырғанын жеткізді. Ауылға газ жүргізу мәселесі де кезең-кезеңімен атқарылатынын айтылды. Сондай-ақ кездесуде

зейнеткер Токтарбай Дұрманұлы ауылдағы жайылымдық жерлерді саптуу керектігін және пайдаланмай жатқандарын қайтару қажеттігін ескертті. Бұл сұраққа қала басшысы елді мекен аумағынан 5 шақырым жерге дейін жайылымдық және басқа да жерлер жекеге берілетінін айтыты. Айнаш Муханованың Қараөзекті Аргын көшесін жөндеу жұмысы жайлы сұрағына әкім «Аргын көшесін орташа жөндеу жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, облыс пен қала бюджетінен қаражат құрылуы», – деді. Ауылға балалар алаңын салу туралы Өмірғали Өмірғалиевтің ұсынысына «Балалар жылына» байланысты кәсіпкерлер демешілігімен ойын алаңын салу қала мен ауылдарда да қатар жүретіні айтылды.

ТАЛСУАТ: Клуб құрылысы қатаң бақылауда

Қала әкімі Асылбек Шәменов Талсуат ауылдық округінің халқымен кездесуден бұрын елді мекендегі Ә.Байқасымов көшесіндегі ұңғыманы көрді. Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жол-лаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысымен салынған ұңғыма 90 метр тереңдіктен су шығаруда.

«Бақ-Береке 2003» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұңғыманы 10 маусымда аяқтаған. Ауылды қалғандыруға және бақша егуге септігін тигізетін бұл ұңғыма көп уақыттан бері аяқ суусыз отырған ауылдың мәселесін шешкендей. Ауылда қазіргі кезде 2 ұңғыма іске қосылып, халық игілігіне қызмет етуде.

Одан бөлек биыл ауылда 150 орындық клуб құрылысы басталды. Келесі жылға өтелеі жобаның жалпы құны 281 млн теңге. Қала әкімі мердігер мекемеге құрылысты сапалы, Қазақстан Республикасының заңы мен нормаларына сай жасауды тапсырды. Сондай-ақ құрылыс барысында тұрғындардың талап-тілектерін және

ескертүүлөрін ескерусіз қалдырмауды да талап етті.

Халықпен кездесу кезінде ауыл тұрғыны Жұмахан Нұрсейітов ауылдағы аяқ су мәселесі қашан шешілетінін сұрады. Кездесуге келген жауапты мамандар бұл мәселеге байланысты қайтадан ұсыныс беріп, аяқ су берудің басқа жолын қарастыратынын жеткізді.

Жиында ауыл тұрғындары жол қауіпсіздігі мәселесін де көтерді. Қалааралық автожол бойында орналасқан ауылға кіреберіске жақын жерде арнайы белгі қою туралы ұсыныс айтылды. Сонымен қатар ауыл ішіндегі көлік қатынасына да бақылау керек екені сөз болды. Бұл мәселеге байланысты қала әкімі полиция басқармасына ұсыныс берілетінін айтыты. Ал ауыл ішіндегі көліктердің жол-ережесін бұзбауын уәсеткілі полицияға тапсырды.

АҚСУАТ: Газ келетін күн жақын

Аптаның сәрсенбісінде қала әкімі Асылбек Шәменов Ақсуат ауылының тұрғындарымен кездесті. Бұл ауылдық округте айшықты істер бар. «Ауылға газ келді» деп сүйіншілейтін күн де алыс емес. Қала басшысы ең алдымен газ тарту бойынша жасалып жатқан жұмыстарды аралап көрді. Газ тарту жұмыстары өткен жылы басталған. 2023 жылға дейін аяқтап, ел игілігіне беру жоспарланған. Орташа қысымды 900 шақырым газ құбыры толығымен аяқталған. Ал төменгі қысым 120 шақырымның 50 шақырымы қалып тұр. Осы кезге дейін 10 жұмысшы топ жұмыс істеген. Техника қызметкерлері мекеме есебінен келгенмен, жұмысшыларға ауыл азаматтары тартылған.

– Қолға алған іс – үлкен жоба. Сондықтан жауапкершілік қажет. Жоба негізінде қалып қойған үйлер болса газ тарту кезінде есепке алынсын. Ауылға келіп тұрған газдың игілігін көре алмайтындай мәселе болмасын. 5 млрдқа жуық қаржы қаралған. Бұл жұмыстың соңынан қателіктер шықпауы керек. Сонымен қатар қазылған көшені қайта тегістеп, екі жұмыс болмайтын іс істеу қажет, – деді қала әкімі. Ауыл тұрғындары күннен күнге көбейіп, жанадан қоныс аударғандар бар. Сондықтан да инфрақұрылым мәселесі назардан түспей тұр. Жаңадан көше қосылғандықтан жол мен жарықтан қиындық болады. Кездесу барысында инфрақұрылым төңірегінде сұрақтар қойылды. Манабаев көшесін асфальттау мәселесі айтылды.

– Жол салу деген керіп тартып, жасай салатын кір жаятын жіп емес. Алдымен жоба жасаймыз. Ол эксперт-тік тексеруден өтіп зерттеледі. Құжаттары бойынша 5-6 ай уақыт кетеді. Осыны тұрғындар түсінуі керек. Кейбір тұрғындардың айтуынша, айтты-бітті орындалуы тиіс. Олай болмайды. Жол салу жауапкершілікті талап етеді. Біздің сіздермен кездесудегі мақсатымыз да – осы. Ең алдымен тұрғындардың мұд-мұқтажын, талап-тілегін тындап, сол мақсаттағы жұмыстарды қол алу, – деді қала әкімі.

Ал округ тұрғыны Өмірсерік Әбуов мұнда учаске бастығы жиі ауыса беретінін айтып өтті. «Ауылға нақты бір адамды тағайындасын. Енді ауылмен танысып, жұмыс жасай бастағанда ауысып кетеді. Оның себебі неде?» – дейді ауыл тұрғыны.

Қала әкімі маңызды мәселелерді шешу жолында бірлесе жұмыс істеуге шақырды. Тұрғындарды қоғамдық көліктің де мәселесі шаршатып отыр. Жарты сағаттан күтетін №12 бағыттағы көліктің уақыты реттелетінін қалайды. Бұл мәселе бойынша қала әкімі жұмысты нақтылауды тапсырды.

– Ауылмыздың жағдайы жақсы. Халық шүкір деу қажет. Елдің күткені газ. Қала әкімі кездесуде осы жылдың аяғында немесе 2023 жылдың басында ауылға газ берілетінін айтыты. Тұрғындар қуанып жүр. Сонымен қатар елді мекен болған соң жарық, жол секілді мәселелер болатыны анық. Бұл проблемалар да кезең-кезеңімен орындаылады деп сенеміз, – дейді ауыл тұрғыны Сейтбай Төребаев.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА,  
Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,  
Айтқолын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ,  
Аслам НУРАҒАЛИ

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА АЛҒА ЖЫЛЖУ БАР

Аралда жыл басынан бері жалпы сомасы 3,8 млрд теңгені құрайтын ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, көрсеткіш 102,1 процентке орындалған. Қазіргі кезде ауданда жалпы саны 246 191 бас мал өсіріліп жатыр.

Агроөнеркәсіпті дамыту бойынша 2022-2024 жылдарға арналған ауыл шаруашы-

Аралда «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында индустриалды аймақ құру үшін қаланың солтүстік-шығысынан 6 гектар жер телімі берілген. Онда құны 3,2 млрд теңгені құрайтын 4 жобаны іске асыру жоспарланған. Оның екеуі жұмысын бастап, 21 адамды жұмыспен қамтып отыр.

«Берекет» шаруа қожалығы ет өндіру және тұшпара цехын ашуды жоспарлап отыр. Қазіргі кезде негізгі «ет өнімдерін

өндіру цехы» жұмысын бастады. Мұнда жылына қуаттылығы бойынша 550 тонна ет өнімін шығару межеленген. 2016 жылы іске қосылған жобаның негізгі кезеңі 9 адамды жұмыспен қамтып отыр. Ал «Жаңа Арал» серіктестігінің қаптама кірпіш өндіру зауыты индустриалды аймақтан бөлінген 1 гектар жерде 2017 жылдан бері жұмыс істеп тұр. Маусымдық кәсіпорын 12 адамды жұмыспен қамтып отыр және жылына 4 млн тонна өнім шығаруды межеленген.

Одан бөлек «Қазақ Camel» серіктестігі түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындайтын зауыт ашуды жоспарлап отыр. Құны 3 млрд теңге болатын жоба 700 мың тонна сүт ұнтағын өндіретін. Қазіргі кезде сүт жинақтау ғимаратының құрылысы аяқталған. Қажетті құрылғылар алдағы уақытта жеткізілмек. Ал құрғақ ұнтақ шығару зауыты бойынша жоба-сметалық құжаттары дайындалуда. Негізінен жыл соңына дейін зауытты іске қосу жоспарда бар.

Сонымен қатар индустриалды аймақтың жер телімін кеңейтіп, тағы 2 жоба жүзеге асырылмек. Оның бірі жалпы құны 3 млрд теңгені құрайтын «Аралтұз» АҚ-ның қап шығару зауыты болса, кәсіпкер Ықылас Алпысбаев 320 млн теңгеге мал бордақылау алаңы мен шұжық өндіру цехін ашпақ.



2022 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Балалар жылы» деп жариялады. Осыған орай биыл балаларды қорғауға, сапалы біліммен қамтуға, мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайтуға, инфрақұрылымды дамытуға көңіл бөліп, нақты тапсырма берілді.

Жылдың жеті айы өтіп, сегізінші айы да ортасынан асып барады. Аймағымызда айтуға тұрарлықтай қандай іс атқарылды? Облыстық білім басқармасының берген мәліметіне сүйенсек, атаулы жыл аясында аймақ бүлдіршіндеріне жан-жақты жағдай мен қолдаулар көрсетілуде. Жыл басынан бері аймағымызда 12 мыңнан астам шара өткізіліп, оған 96 мыңға жуық бала қатысты.

Балалар жылын өз деңгейінде өткізу үшін бекітілген жоспарға сәйкес, 7 бағыт бойынша жұмыс жүргізілуде.

Алғашқы бағыт «Білімді бала» жобасы балалардың сапалы білім алуға және жеке тұлға ретінде дамытуға қатысты құқықтарын жүзеге асырып, оқу-тәрбие процесінде тәрбие компонентін күшейту болып табылады. Осының негізінде аймақтағы барлық білім беру ұйымдарында тәрбиелік бағыттағы 11 мыңнан астам шара ұйымдастырылды. Шараға 47311 бала қатысқан. Былдың өзінде 8 мыңнан астам бала өңірдегі лагерлерде демалған. Ал арнайы санақтағы балалар мен халықаралық олимпиада жүлдегерлеріне 100 велосипед, 10 ноутбук және 20 бүлдіршінге «Балдаурен» республикалық лагеріне жолдама табысталған. Сондай-ақ балаларды қосымша білім берумен қамтамасыз ету мақсатында 23 307 бала мәдени және спорттық үйірмелермен қамтылған.

«Отбасы – қауіпсіз мекен» бағыты баланың берекелі отбасында білім алу құқықтарын жүзеге асыру мен отбасындағы адамгершілік және рухани құндылықтарды насихаттауды қамтиды. Осының аясында қалада көп балалы отбасылар үшін 50 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілген. Отбасы институтын насихаттау бағытында 300-ден астам шара өткізіліп, оған 8 мыңнан астам ата-ана қатысқан. Сондай-ақ балалар туризмі дамыту мақсатында 3000-нан астам білім алушылар Қорқыт ата кешені, Сортбө, Жанкент, Сығанак тарихи орындарына саяхат ұйымдастырылуда.

Үшінші бағыт – «Дені сау бала» жобасының мақсаты – балаларды, мүгедек балалардың құқықтарын жүзеге асыру, балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайту және қорғау болып табылады. Осыған орай, 1-3 жас аралығындағы 26100 бала аудиологиялық скринингтен өткізілсе, 18 жасқа дейінгі 312000 балаға медициналық тексеру жүргізілген. Ал психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған 142 балаға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіліп, мүгедектігі бар 150 балаға ипотерапиялық қызмет тұрақты көрсетілуде. Үйді оқытылып, тәрбиеленетін 1149 балаға да әлеуметтік көмек көрсетілуде. Бұл мақсатқа бюджеттен 51,5 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар биыл көпбейінді облыстық балалар ауруханасында оңалту орталығы ашылды.

«Баласын жетімсіретең ел» жобасы жетім балалар мен ата-анасын қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын іске асыруды қолға алған. Жобаның негізінде «Атамекен» балалар ауылының 2 түлегіне Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім гранты табысталған. Сонымен қатар 45 балаға «Қамбас» лагеріне жолдама беріліп, 14 шығармашылық үйірме ашылған.

Балаларға арналған инфрақұрылымды дамытуға бағытталған «Жайлы мекен» бойынша облыста жыл соңына дейін балаларға арналған бірнеше нысан пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Оның ішінде 6 мектеп, 1 балабақша, 1 оқушылар үйі мен өнер мектебі бар. Сондай-ақ жаңа оқу жылы қарсаңында жергілікті кәсіпкерлер 3 жекеметтік мектепті іске қоспақ. Ал 28 мектептен инклюзивті қолдау кабинеті, 47 балабақшадан логопункт және 2 ауданнан инклюзивтік ресурстық орталық пен 2 балабақшадан аутизм кабинеті ашылады. Тұрмысы төмен отбасыдан шыққан 500 балаға спорт кешендеріне тегін абонемент табысталған.

Бүлдіршіндердің қауіпсіз даму жағдайында құқығын жүзеге асыруға бағытталған «Бала қорғау» жобасы аясында бүгінде барлық білім беру ұйымдары 100% бейнебақылау жүйелерімен қамтылған. Биыл 35 мектепке бейнебақылау жүйелерін жергілікті полиция бөлімдеріне қосу үшін облыстық бюджеттен 252 млн теңге бөлінген.

Ал «BALA TIME.KZ» ақпараттық сүйемелдеу бағыты бойынша республикалық және жергілікті БАҚ-та, әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарда 5074 материал жарияланған.

Аймақ балалары үшін ең үлкен сый – облыс орталығында заманауи үлгідегі оқушылар сарайын салу туралы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясымен келісім жасалды. Бұл зәулім ғимарат Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан жаңа тұрғын ауданда бой көтеретін болады. Сонымен қатар 80 спорт және балалар ойын алаңдары салынады. Осы уақытқа дейін қала ішінде 32 алаңның құрылысы басталса, аудандарда 6 ойын алаңының құрылысы аяқталған және 5-еуінің құрылысы басталған. Жыл соңына дейін тағы да осы бағыттағы бойынша 800-ге жуық рухани-танымдық, мәдени және спорттық шаралар ұйымдастырылатын болады.

Балалар жылы деп жарияланғанда Мемлекет басшысы: «Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте білік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деген еді. Әзірге жыл аясында атқарылған шаралар легі осындай. Бұл шаралар балалардың сапалы білім алып, креативті ойлауына, өздерін дамытуға ықпал етеді деп сенейік.

Балалар жылы деп жарияланғанда Мемлекет басшысы:

# АЙДЫНДЫ АРАЛДЫҢ АДЫМЫ АЛЫМДЫ

лығын дамытудың жол картасы бекітілген. Жол картасы аясында 3 бағыт бойынша барлығы 30 жоба іске асырылса, ауданда 792 млн теңге инвестиция тартылса, 200-ге жуық адам жұмыспен қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

Өңірде мал шаруашылығынан алынатын өнім саны да жыл санап артауда. Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда ет өндіру 103,3 процентке, сүт 102,1 процентке және жұмыртқа 102,2 процентке орындалған.

Өткен жылы аудандағы шаруашылықтың бірі «Сыбаға» бағдарламасы арқылы Ресейден 58 бас «Қалмақ» асыл тұқымды ірі қара малын әкелсе, биыл қаңтарда тағы бір шаруашылық мал санын 44 бас асыл тұқымды қазактың ақбас сиырымен толықтырған. Жалпы Аралда мүйізді ірі қара өсіретін – 7, 4 жылқы, 2 қой мен 1 түйе бағатын шаруашылық асыл тұқымды мал өсірумен айналысады.

Аралдықтар егін шаруашылығына да етене кірісіп кеткен. Егістік жерлерді суару үшін облыстан 10 дана дөңгелекті дизельді су насостарын алуға тапсырыс беріліп, нәтижесі күтілуде. Одан бөлек суды тиімді пайдалану мақсатында да түрлі әдіс қолдануда. Мәселен, Ақирек ауылындағы «Асхат», «Нұрдана» шаруа-қожалықтары «орам» (подленка) әдісімен 7 гектар аумаққа бақша өнімдерін ексе, Атәнши ауылдық округінде жеке кәсіпкер Елтай Төрәмуратов ауылдағы үңгіманы пайдаланып, тамшылатып суару әдісі арқылы 14 гектар жерге бақша және көкөніс өнімдерін ескен. Ал Аманоткелдегі «Camel Pro» шаруа қожалығы 80 гектардан астам жерге жанбырлатып суаратын қондырғы арқылы жаңа жоңышқа егуді қолға алған.

### ӨНДІРСІ ӨРКЕНДЕГЕН АУДАН

Арал – Қызылорда облысында өндірісі өркендеген ауданның бірі. Себебі мұнда индустрия саласы қанатты кеңге жайған. Айдыңы Аралдың балығы мен тұзын білмейтіндер аз. Индустриясы ел игілігіне қарқынды қызмет етіп жатқан Аралда алдағы уақытта ашылатын өндіріс орындары да аз емес. Тарқатып айтсақ...

Аудандағы жұмыс жүйеленген өндіріс орнының бірі – «Аралтұз» акционерлік қоғамының ас тұзын өндіру зауыты. «Аралтұздың» өндіріс аймағында бүгінде 4 цех орналасқан. Олар украин цехы мен бірінші, екінші және үшінші испан цехы. Қазіргі таңда үш цех жұмыс істеп тұрса, бірінші испан цехы жаңартылуда. Цехты модернизациялауға жалпы құны 2 млрд теңге қарастырылған. 2014 жылы іске қосылған цехта 200 адам қызмет етеді. Оның жаңғырту жұмыстары биылғы қыркүйек айында аяқталды деп жоспарланған.

Негізінен зауыт 2022 жылдың бірінші тоқсанында 168 775 тонна ас тұзы мен 187 935 тонна техникалық тұз өндірген. Бұл өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 135,6 процентке артық. «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы арқылы қаржыландырылған зауытта жалпы саны 1200 адам жұмыспен қамтылған. Мұнан шыққан өнімнің 20 проценті ішкі нарыққа саудаланса, қалған 80 проценті экспортқа жөнелтіледі.

Шөміш елді мекенінде орналасқан «Aral Quartz» ЖШС-ның «Кварц құмын байыту бойынша тау-кен комбинатының құрылысы» жобасының I кезеңі іске асырылған. Комбинат жылына 120 мың тонна байытылған кварц концентраты мен құрғақ құрылыс ұнтақтарын шығаратын болады. Жалпы құны 992,2 млн теңгені құрайтын бұл жобаның құрылысы кезінде 39 адам жұмыспен қамтылса, II кезеңі аяқталып, толық іске қосылғанда комбинатта 70 адам жұмыс істемек.

Комбинаттың қуаттылығын арттыру мен өнім түрлерін көбейту мақсатында жүзеге асырылып жатқан II кезеңде құрылыс үшін 4 гектар жер телімі, Шығыс Сарышоқы, Рай және Жанпөлек-2 учаскелерінде кварц құмын өндіруге жер пайдалану құқығы берілген. Одан бөлек ұзындығы 23 шақырым болатын автомобиль жолын салу үшін аудан әкімдігі қаулы шығарған.

Жалпы бұл комбинаттан шығатын өнімге сұраныс жоғары. Мұндағы өнім шетелге, сондай-ақ қызметін бастаса шыны зауытына да сатылмақ.



### ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Аралда биылғы жылдың 6 айында 13431 шаршы метр үй пайдалануға беріліп, жоспар 102,3 процентке орындалған. Одан бөлек ауданда осы алты айлықта 1,3 млрд теңгені құрылыс жұмыстары жүргізіліп, өткен жылғы көрсеткіштен 10 процентке артық орындалған.

Мысалы, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында өткен жылы бастау алған Аманоткел мен Қамыстыбас елді мекендеріндегі дене шынықтыру кешенінің құрылысы биыл да жалғасын тапты. «Арал сода» зауытына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізуге облыстық бюджеттен 395,4 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстары атқарылуда. Сонымен қатар биыл зауытқа теміржол түйығын жеткізуге 250 млн теңге бөлінген.

Жақсықылыш кентінде дене шынықтыру және сауықтыру кешені, Арал қаласында 100 орындық интернат пен 200 орындық №71 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Одан бөлек Көктем елді мекенінде су жүйесінің құрылысына 295,2 млн теңге, Аралдағы №5 шағын ауданда электр желісінің құрылысына 150,6 млн теңге қаржы бөлінген.

Сексеуілде АГТС орната отырып «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырынан бастап газ құбыры тармағын салуға және кентке газ құбырын, квартал-шілік газ тарту желісінің құрылысы басталса, №6 шағын аудандағы су желісінің құрылысына 100 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесі күтілуде.

Ал №6 шағын ауданда электр желісінің құрылысын жүргізетін жеңімпаз мердігер ретінде «Қызылорда электр тарту тораптары компаниясы» АҚ танылып, қазіргі кезде құрылысты бастауға рұқсаты күтілуде.

### ЖОЛЫ ЖАҚСАРУДА

Қазіргі кезде аудан орталығы Аралда қалаішілік жолдарды жөндеу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Соның бірі – Панфилов көшесі. Аудандық бюджеттен бөлінген 34,5 млн теңгелік жобаны мемлекеттік сатып алу нәтижесінде «Арал құрылыс» ЖШС жеңіп алып, бүгінде жұмысты бастап кеткен.

Үш ай мерзімге созылатын жұмыс нәтижесінде автомобиль жолы толықтай жөндеуден өтіп, екі жақты жаяу жүргіншілер жолы мен жарық шамдары орнатылды. Жұмыстың басталғанына екі апта болған. Құрылысқа қажетті материалдар Ақтөбе облысынан әкелінген. Жол жөндеу жұмысының жайы туралы мердігер мекеме «Атағұлов» ЖК төрағасы Ғалымжан Атағұлов айтты.

– Жол жөндеу жұмыстары кезінде ең бірінші кезекте сапаға көңіл бөліп отырмыз. Қолданылатын материалдардан бастап, оның дұрыс қалануы мен төзімділігі назарда ұсталады. Асфальт құюға дейінгі жұмыстарға 12 адам тартылған. Ал жолға асфальт төсеуге тағы да арнайы бригада тартылады, – дейді өндіріс жетекшісі Ғ. Атағұлов.

Негізінен, биыл республикалық, облыстық және аудандық бюджеттен жалпы сомасы 1,8 млрд қаржы бөлініп, бірнеше бағыттағы жол жөндеуге жұмсалуда. Оның ішінде Қаратерең-Жанакұрылыс, Бөген-Ағлақ бағытында және Қызылжар елді мекеніне кіреберіс жолдың құрылысы жүргізілмек. Осы секілді жол жөндеу бағытында жасалып жатқан жұмысты аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Жанқожа Құдайбергелі баяндады.

– «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Сексеуілде кентішілік автомобиль жолы орташа жөндеуден өтті. Аудан орталығы есептелетін қалада екі көше жөндеуде. Бұл Панфилов көшесі бір бағытты болғандықтан ені 5,5 метр болып, асфальт жабындысы толық төселеді. Жалпы қалада 226 көше болса, оның 70-тен астамы асфальтталған. Биылғы жылдың өзінде «Шағын қалаларды дамыту» бағдарламасы аясында 17 көшені жөндеуге жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, келесі жылға жоспарлап отырмыз. Аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, 13 көшені жөндеуге ЖСК әзірленуде, – деді бөлім басшысының орынбасары.

Асқан НУРАҒАЛИ  
Қызылорда-Арал-Қызылорда



Қобыздың пайда болу тарихын Қорқыт атамен байланыстырумыз бекер емес. «Күй атасы – Қорқыт» деп айдар тағып атайтынымыз сондықтан шығар. Қыл қобыздың үні бірде күңіреніп, бірде қара желдей ысықырып тұрады. Мұны Қорқыт ата кесенесіне барсаңыз байқайсыз. Қуыс шанак бозингендей боздап, боз даладай құлпырады. Ескі аспапты ежелде жыраулар мен абыздар, ұзандар мен бақыстар қолданған. Қорқыт атаның қарағайдан қайырып, үйенкілен үйіріп алған аспабы дүниежүзіндегі ең кең тараған көне жәдігерлер қатарында. Оның сазды да мұңды өміршен күйлерді шығарғаны айтылады. Қобыздың нарқобыз, қылқобыз, жезқобыз деген түрлері кездеседі. Әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен өзгешеленеді.

Атадан балаға мирас болған жәдігерді елімізде қолөнер шеберлері өз қабілетіне қарай жасап шығаруда. Қоның көзіндей қастерлі дүние ғасырдан-ғасырға жалғасып, мәңгілік құндылығын жоймай келеді. Өйткені олардың

Осындай қасиет менің нағашы атамда да болған екен. Ол кісі қара талдан қобыз жасап, оны кешқұрым ауыл балаларына бір мезгіл тартып береді екен. Сол кісіден аяқталмай қалған бір қобыз үйде тұратын еді. Соған қарап отырып қобыз жасауға деген қызығушылығым оянды. Кейіннен ұсталық өнерге деген құштарлығым артып, осы күні өмірімнің өзегіне айналды, – дейді Бақберген ұста.

Оның ұсталықпен айналысқанына отыз жылдай уақыт болды. Жасаған бұйымдарын республиканың әр өңірінен келіп алып жатады. Арнайы тапсырыспен жасатып жататындар да бар көрінеді.

– Қобызды жергілікті қарағаш, Сыр талдарынан жасаймын. Оның бояуына жиде қабыршағы мен шөгелдердің қонырауларын суға қосып қайнатып жазғамын. Табиғи бұйым төзімді болады. Бағаларын қолжетімді етіп, сатылымға шығарамын. Көрнекілікке қоятын сәндік

# ҚОБЫЗ САРЫНЫ

бұйымдарды аз уақытта әзірлеп беремін. Сонымен қатар ұлттық аспабымыз домбыра мен ат әбзелдерін, қыз жасауы мен бесік, басқа да халыққа қажетті дүниелерді жасаймын. Халықтың талғамы терең, әрбір бұйымды үлкен талғаммен таразылап алады, – дейді ағаш шебері.

Ұстаның қолынан шыққан өнер туындылары көптің көңілінен шығып, елдің ықыласына бөленуде. Байырғы ата-бабаларымыз темірге тіл, жаңқаға жан бітіріп, шеберліктерін шындап отырған. Олардың көптеген қолөнер бұйымы мен тұрмыстық қолданыстағы тұтынган дүниелері алты Алашқа таралып, есімдері ел арасында ардақталды. Халқымызда «Қолынан келген құмға кеме жүзгізеді» деген сүбелі сөз бар. Бұл ұшқыр ойы мен шеберлігін ұштастырған ұсталарға айтылса керек-ті. Киелі қобызды жасаушылар аз емес. Соның бірі – Қармақшы ауданының тұрғыны Бақберген Бекмұсаев.



туындылары көптің көңілінен шығып, елдің ықыласына бөленуде.

Бақберген Бекмұсаев қолөнер бұйымы жасаумен айналысып келеді. Мұндай ұсталық өнер оған нағашы атасы Байғарадан дарыған қасиет. Сүтпен сінген өнерді бойтұмардай қастерлеп жүрген ұстадан ісі жайлы сұрадық. – Жалпы біздің қазақ халқы өнердің қай түрінен болса да кенде емес. Ата-бабаларымыз аң терісін илеп, одан түрлі киім пішіп отырған. Қала берді ағаштан ою ойып, темірден түйін түюді де жанына серік еткен.

Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі сақталады. Ұлттық ұлы құндылықтарымызды ұлы көшпен қалдырмай ұрпақ жадында жаңғыртып отырсақ санасы сергек, елі мен жерін сүйіп, құрметтейтін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелені аламыз. Ал, оған жету үшін алғашқы ұлттық бояуы қанық қазақы негізде жатыр. Оған домбыра үні мен қобыз сарыны сеп болады. Осындай тағылымның табын өшірмей, көнеңің көшіндей болып келе жатқан мұраларымызды қалай құрметтеп, қалай мадақтасақ та жарасады.

Тұрар ШАЙДУЛЛАУЛЫ

## АМАЛ

Бірде ысып, бірде күннің көзі шарбы бұлттармен тұмшаланған қоныр күз де келіп қалды. Қыркүйектің соңғы онкүндігінде күз келеді, суық күндер, жауын-шашын басталады. Бұл сүмбіленің тууы деген амалмен байланысады.

Сүмбіле бұл – жұлдыз. Халық танымды жарқырап, көкжиекке ең жақын тұратын жасылдау жұлдыз солай деп аталады. Ғылым тілінде ол «Үлкен Арпандағы жұлдыз» ретінде саналады. Ежелгі гректер сүмбіленің

аяқталып, мал семіреді. «Сүмбіледе сорпа майлы», «сүмбіле туса су суыр» деп жоритын қазақ халқы осы кезден қысқа камданып, отын-суын дайындауға кірісе бастайды. Демек, бұл жұлдыздың да жыл мезгілін айғақтайтын белгілері бар. Оны ата-бабамыз дәл бағамдай білген.

Қазекен сүмбілені ешкі малына теңеген. Оның алғашқы жартысын «лақ сүмбіле», екінші жартысын «теке сүмбіле» деген екен. Зерттеушілердің сөзіне сүйенсек, екеуінің туу арасы

жайында үнемі айтып отыратын. Мәселен, түлігінің қыр-сырын білетін шаруалар сүмбіле тумай, тау етегіне түспейді. Себебі, түйе жылы су ішсе, қараөлке ауруына шалдығады. Ал сүмбіле туса, су салқындайды, ол кезде жануар өлке ауруына ұрынбайды. Табиғаттың осы мезгілінде тау етегі салқын тарта бастайды. Яғни құбылыстарды жұлдыз арқылы бақылап отыратын халық өз қамына қарай көш бастайтын болған.

– Сүмбіле туғанда болатын ерекшеліктің бірі – малдың семіру белгісі. Жаз бойы жайылымда көк шөпке қарық болған төрт түлік күн салқындай бастағанда түлеп, бойына қуат жинайтыны белгілі. Әсіресе, жылқы ерекше қуаттанып, семіретін мезгіл – осы шақ. Сондықтан халық арасындағы «Сүмбіле туар жылтынып, Ат семіреп құтылып» деген қағида мақалға айналды. Жылқы тұқымы – жарық түнде, самал желмен жайылғанды ұнататын жануар. Сүмбіле туғанда жаз бойы ауырған, бозөпеге шалдыққан малдар қырыла бастайды. Күн астында көп жайылған ұсақ малдарда күн өткеннен өкпеді қан болмайды. Сонымен қатар «Сүмбіледе су суыйды» деп айтылуының себебіне келсек, түні бойы тұрған суға мұз катады, зіл түседі. Мұздай суды ішкен малдың өкпесі көтерімейді. Сол үшін бұл амал кезінде төрт түліктің де бабын жасай білген жөн, – дейді ұзақ жыл мал баққан әкем Батырбай Айтжанов.

Сүмбіленің өзіне тән белгісінің бірі – тосыннан жарк етіп жарқылдап туады. Сондай-ақ мал бағып тіршілік еткен қазаққа түрлі құбылыстарын да байқатып отырған. Алайда ауа райының болжамын әртүрлі пайымдаған есепшілер құбылмалы мезгілден де аман-есен өтудің қамын жасаған. «Күзгі аспан жеті рет құбылады» деп бекер айтылмаған. Бұл қытымыр қыстың жақындағанын білдірсе керек-ті.

Айтолқын АЙТЖАНОВА



тууын «іт күні» деген көрінеді. Ежелгі римдіктер болса, күшік деп те атау берген. Кейбір елдерде бұл жұлдызды садақ пен жебеге ұқсатады. Ертеректе егін жиналатын қыркүйек айында күн айналасына жиналған топ жұлдыздарды қартаға түсіріп, оны бау бидайды құшқан бойжеткен бейнесімен танбалаған. Осы жұлдыздар тобы парсы тілінде «сүмбі» деп аталған. Сондықтан ғалымдар осындай науқан кезінде күн ортасына дейін жарк етіп көрінетін жұлдызды Сүмбіле атауды жөн көрген. Қазақ арасында ол суық жұлдыз деп те айтылады. Себебі, күзде көтеріліп, қыс бойы жоғарылай береді. Бұл амалдың туғаны – қоныр күздің белгісі. Жаз

10-15 күн. Алдымен лақ сүмбіле туады. Өзі – жылтылдаған, кішірек ақ жұлдыз. Ал, теке сүмбіле үлкен, ол кейінірек пайда болады. Бұл жұлдыз туған шақтан бастап өзен-көлдердің суы салқындайды. Ауа райында көп өзгеріс болады. Демек, осы кезде суық күндер бой көретіп, жаңбыр жауып, күз келеді. Мал тыныш алады, шыбын-шіркей жоғалады. Мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабамыз оның тууы мен жерге түсуін ерекше белгі деп санаған. Осы құбылыстар кезінде «Жанбыр жауып өткен жердің көдесінің түбі көк, малға от болады» деп қазекен қыста жылқыны сол жерге тебінге салған. Ұзақ жыл мал баққан әкем бұл амал

## ДӘСТҮР

Бала күнімізде Зида апайды атамның туған қарындасы деп ойладық. Себебі оған бәрінен артық құрмет көрсетіліп, үнемі төрге шығатын. Атам күзде астық жиналғанда қабымен картоп, жуа, сәбіз беретін. Мал сойсақ бір бөлігі сонша жеткізілетін. Оның балаларын да ерекше жақсы көрді. Үйге қонақ келсе, отбасымен шақырады. Кейін есейіп, оң мен солды танып, жан-жағымызға қарай бастағанда ол кісінің атамның өкіл қарындасы екенін білдік. Апамыз ерте жастан ата-анасынан жетім қалған көрінеді. Жалғыздықтың ащы дәмін татқан оны атам өз қамқорлығына алса керек.

Бүгінде атамыз арамызда жоқ. Десе де біздің отбасында Зида апайымызға бәз-баяғы қалпында сый-құрмет көрсетіледі. Ол – қазір әулеттің қадірлі адамы әрі ақылшысы. Балалары да бізді туған нағашысы санайды.

Кейде пендешілкке салынып, туысқандық деген ұғымды адамдар арасында тек қан бойынша жақындық деп түсінеміз. Ежелден бір-біріне бауырмал бола білген халқымыз қашанда адамгершілік үлгісін көрсетті. Ата-бабамыз, танымайтын құдайы қонақты да үйге кіргізіп, төрге отырғызып, хандай сыйлаған. Оның қасында ағайын-туыс, құда-жегіт, көрші-көлем, жора-жолдасты ерекше құрметтері анық. Солардың бірі – өкіл әке, өкіл аға, өкіл бала, өкіл қарындас, өкіл қыз.

Қазіргі кезде бұл атау кей жерде сақталғанмен көп жерде қолданыста жоқ. Қазақ қашанда жеріні қанғыртпаған, жетімін жылатпаған ел. Өкіл әке – ағайыннан немесе досынан жетім қалған балаға өкілдік жасап асырап алу. Оларға туған ата-анасындай қамқорлық танытып, өз баласынан кем көрмей, мейірімге бөлеп өсіру. Тіпті өкіл туысының қуанышын бөлісіп, қайғысын бірге көтере білген жөн. «Өкілдің жолы ауыр» деген тәміл осыдан қалса керек.

– Бала күнімде әкемнен, одан кейін анамнан айрылдым. Сол уақыт бір заманның қиын кезі еді. Ағайын-туыс өз баласын ерең асырап, өлместің күнін кешіп отырғанда біреудің баласын бағып қайтсін. Сондайда иманды болғыр Мырзабай көкем мырзалық танытып өз қамқорлығына алды. Ауыл ақсақалдарының алдынан өтіп, келісім бойынша маған өкіл қарын-

дасы ретінде туыстық атау берді. Міне, содан бері 38 жыл өтті. Уақыт деген қолға ұстатпас сағым секілді зымырап өте шықты. Арамызда өкпе-реніш деген мүлдем болмапты. Көкемнің жары Ағайраш марқұм да жарықтық бір қынқ етпейтін. Үйіне барсам, бәрін алдыма қойып, обектеп жүруші еді. Мені өздері тұрмысқа берді. Қазір жолдасым екеуіміз бес бала өсіріп, жеткіздік. Көкемнің өзі жоқ болса да ұрпағым етеме араласамын. Олар да біздің отбасымызға қамқорлық

таңдауға құқы бар. Көбіне жігіттің ата-анасы өзара келісіп, шешім шығарады. Жас жұбайлар үшін олардың орны ерекше. Себебі арадағы түсініспеушілік, кикілжің, ұрыс-керіс туындаса ақыл айтып, үлгілі отбасы болуға тәрбиелеу осы кісілердің жауапкершілігінде. Балалы болғанда да көп көмегі тиеді. Дүниеге келген сәбиді перзентханадан алып шығу да осы жандарға тиесілі. Бізге жолдасымның немере ағасы мен жетегісі өкіл ата-ана атанды. Жақында қызымыздың тұсауын



танытып, үлкеніміз деп алдымнан кесе өтпейді, – деді Зида апай.

Осылайша атам бір отбасының құрылуына, бес баланың өмірге келуіне себепкер болды. Міне, мұндай жандар бүгінгі қоғамға да керек сияқты. Десе де бұл дәстүрді қайта жанашалап, жаңғыртып жүргендер де жетерлік.

– Біздің Сыр өңірінде өкіл аға, өкіл қарындас деген ұғымды ғана естуші едік. Ал өкіл ата-ананың барын Алматыға тұрмысқа шыққаннан кейін білдім. Бұл салт-дәстүр ежелден келе жатқаны анық. Алматылықтар қазір оны жақсы жағынан жаңаландырып жүрген секілді. Мәселен, жандан шаңырақ көтерген жас отбасыға алдын-ала өкіл әке мен өкіл ана тағайындайды. Әрине, жастардың өздеріне жақын адамдары болса, соларды

сәл кісілерге кестірдік. Олар қазақтың салт-дәстүріне сай барлық қадесімен келді. Біз де жолымыздан жығылмай қарсы алдық. Өзіміздің туған ата-анам алыста екенін білдірмей, маған үнемі қамқорлық танытып жүреді. Кейде қиналғанда қасымыздан табылып, қуанғанда қуанышымызға ортақ бола білетін осындай жандардың болғаны қандай жақсы деп ойлаймын, – деді Айдана Нұрланқызы.

Расында, «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші өмірмен бірге біте қайнасып кеткен осындай салттың дені заман талабына сай жаңғырып отыр. Бұл да болса ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрді сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізудің бір парасы деп білеміз.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

# ҚАЗЫНАЛЫ ҚЫШҚАЛА

Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұралар тізіміне енген ортағасырлық Қышқала қалашығының бүккен сырлары ашыла бастады. Оған қазба жұмыстарының барысында табылып жатқан тарихи жәдігерлер күз. Сыр өңіріндегі Қышқала қалашығы – ерекше сәулет ескерткіштерінің бірі.



XIII-XV ғғ. өмір сүрген қала орны 1243 жылдан бері Қышқала аталып келеді. Қышқала аталуының себебі – қала құрылысы күйдірілген қыштан құрылған. Ол Қызылорда облысының Қоғалықкөл ауылының маңында, 30 шақырымға жуықтайтын жерде орналасқан. Жалпы аумағы 40-50 шақырымды құрайды. 2018 жылы мамыр-маусым айларында тарих ғылымдарының докторы Мадияр Елеуовтің жетекшілігімен археологиялық зерттеу жүргізіліп, ортағасырлық сәулет өнерінің жарқын үлгісі аршылды. Археолог мамандардың айтуы бойынша, өз тұсында шаһар келбеті Сығанақ, Сауран секілді сән-салтанаты келіскен шаһарларға ұқсас болғанын айтады. Қышқаладан сәулеті ерекше сегіз қырлы көне ғимараттың орны табылды. Ол құм қойнауына бойлаған сайын археологтарды түрлі жәдігерлерімен тамсандырады. Сегіз қырлы ғимарат сол дәуірдегі сәулет өнерінің ерекше үлгісіне жатады. Бұл нысанды ғалымдар медресе деп жорамалдап отыр. Бүгінде көне шаһардың екі ғимараты ашылды. Шаһардағы екі қазбаның бірі – мавзолей болса, екіншісі – шаруашылық орталығына саяды. Батыс бөлігінде орналасқан ғимаратты Қожа Ахмет Яссауидың кесенесіне ұқсас салынған мінәжәт орны деген болжамдар бар.

Ғимараттың сәулеттілігі өте ерекше, тіпті Қазақстанда аналог жоқ деуге де болады. Себебі сырты сегіз қырлы етіп соғылған ғимараттың ішкі бөлігі де симметрияны сақтай отырып, сегіз қырлы етіп, ортасына бағандар қойылып жасалған. Сәулет ескерткішінің дәл осындай ерекше түрі көп кездеспеген деседі. Экспедиция барысында қабырғасы ою-өрнекпен көмкерілген, бедерленген қыш кесектер, глазурилген күмбездің сынықтары түрлі-түсті мозайкалар қаланың әсем келбетін айшықтай түседі. Сондай-ақ араб жазулары стиліндегі өрнектері сәулет өнеріндегі ислами элементтердің бастау алып келе жатқан байқатады. Геометриялық ою-өрнектер тобына

жататын төртбұрыш, домалақ сопақша, ромб тәрізді еректер де жиі кездеседі.


Бұл аумақтан қыш өндірген пеш табылған. Тарихшы ғалымдар қазба барысында табылған жәдігерлерге сүйене отырып, қаланың Қазақ хандығына тиесілі болғанын айтады.

Қышқалаға 2018 жылы жүргізілген қазба жұмыстары Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры қуанды жәдігерлермен толықтырды. Қалашықтың тарих сахнасынан не себепті жойылғаны жөнінде әзірге нақты дерек жоқ. Болжам бойынша, Сыр арнасы өзгеруіне байланысты халқы көшіп, қанырап қалған болуы мүмкін. Тарихи деректерде Х-XI ғасырларда оның ірі сауда және қолөнер орталығы болғандығы айтылады. Қала Қышқала деп аталғанымен тарихи атауы ұмыт қалған. Қала орнына өткен ғасырда П.И.Лерх, кейін В.А.Каллаур, 1946 жылы С.П.Толстов бастаған Хорезм археологиялық экспедициясы зерттеу жүргізген.



Қалашықта теңге соғатын сарай болғаны да белгілі. Тарихи жазбаларда Алтын Орда тұсында да ірі саяси, мәдени және білім ордасы болғандығын көрсетеді. Бұл қалашық туралы мәліметтер орта ғасыр тарихшылары мен елшілердің қолжазбаларында көптеп кездеседі. Ғалымдардың айтуынша, Ұлы Жібек жолының бойында орын тепкен қалалардың орталығы болған. Бұл қала Сырдарияның төменгі ағысында кездесетін қалалардан өзгеше. Қазіргі мәдениет осы қаладан бастау алмайтын көрінеді. Мұндай болжамды қала аумағынан аршылған құнды жәдігерлер де нақтылай түскендей. 2020 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы Қышқала қалашығына жоспарланған археологиялық зерттеу жұмыстары қайта жүргізілген болатын. Быыл қалашықтан Қазба 5,6,7 және стратиграфиялық кесік жүргізіліп, соның нәтижесінде табылған құрылыс заттары, археологиялық заттар есепке алынып, облыстық тарихи-өлкетану музейінің қоры тағы да жаңа археологиялық олжалармен толықты.

Гүлжанар ОРАЗАЛІЕВА, облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

<p>Меншік иесі:</p>  <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>Бас директор</p> <p><b>Аманжол ОҢҒАРБАЕВ</b></p> <p>Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы</p> <p>Бас редактор</p> <p><b>Азиз БАТЫРБЕКОВ</b></p>	<p>Телефондар:</p> <p>Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)</p> <p>Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)</p> <p>Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)</p> <p>Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)</p> <p>Жауапты хатшы, болшылер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)</p>	<p>Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН</p> <p>Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.</p> <p>«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318-07/03.01.178 нөмірімен сертификатталған.</p> <p>Аптасына 2 рет, сәйкесін, сәтін күндері шығады.</p> <p>Жарияланған материалдарына пікірлер редакция өзгарауымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.</p> <p>Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>	<p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68</p> <p>Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.</p> <p>Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.</p> <p>Таралымы 3716</p> <p>Тапсырыс №1384</p> <p>Нөмірдің кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЕВА</p>
---	--	---	---	---	---